

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 22

2026 жылдың «31» шілде

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы Zoom платформасы арқылы <https://us05web.zoom.us/j/3553868636?pwd=fw0iWQAhA89xFtF4Ap1REsKzCm0asL.1> сілтемесі бойынша, сондай-ақ WhatsApp мессенджеріндегі чат арқылы дауыс беру жолымен өткізілді.

Отырыста күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс берілді:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Акильбеков Берик Ахмедиянович
 2. Боровая Наталья Алексеевна
 3. Берден Инжумаржан Мысырғалиқызы
 4. Қайырханқызы Аяжан
 5. Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
 6. Оспанова Гульден Джетысовна
 7. Тикенов Еркін Амангельдинович
 8. Бекбергенов Тугелбай
 9. Катибаева Гульнара Нурганатовна
- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:
10. Газизов Талгат Жанатович
 11. Жабаев Данияр Серикович.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум бар.

Күн тәртібі:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның 2026 жылғы бірінші жартыжылдығындағы қызметі туралы есепті тыңдау.

Күн тәртібіндегі «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметі туралы есепті тыңдау» мәселесі бойынша Қоғам Басқармасының төрағасы Т.Ж. Газизов сөз сөйлеп, келесі негізгі мәселелерді атап өтті:

Қоғамның басқару тиімділігін арттыруға, негізгі бағыттарға ресурстарды шоғырландыруға және функцияларды бөлуді жетілдіруге бағытталған жаңартылған ұйымдық құрылымы бекітілді;

сондай-ақ, Қоғамның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметінің келесі нәтижелері ұсынылып, жыл соңына дейінгі негізгі міндеттер айқындалды: талдамалық бағыт бойынша елдің туристік әлеуетіне және халықаралық тәжірибеге талдау жүргізілді, 2029 жылға дейін туристік саланы дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары өзектендірілді, «Kids Go Free» бағдарламасына сүйемелдеу қамтамасыз етілді, Қазақстанның халықаралық рейтингтердегі позицияларын арттыру бойынша жұмыс жалғастырылды. Жыл соңына дейін өңірлердің туристік әлеуетіне талдау жүргізу, туристік инфрақұрылымды дамыту, мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру, туристік аумақтарға мониторинг жүргізу және визалық-көпші-қон саясатын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу жоспарланған;

инвестициялық бағытта инвестициялық портфельді қалыптастыру, жобаларды сүйемелдеу, отандық және шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты дамыту жұмыстары жалғастырылды, инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі меморандумдар мен келісімдерге қол қойылды, туристік саланы коммерцияландыру және цифрландыру бойынша жобалар іске асырылуда. Жыл соңына дейін инвестициялық жобаларды сүйемелдеу, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және инвестициялық бастамаларды ілгерілету көзделген;

туристік өнімдерді дамыту саласында ауыл туризмін, «Сапа белгісі» бағдарламасын, ішкі туризмнің Онлайн академиясын, гидтердің қызметін цифрландыруды, сондай-ақ оқиғалық және іскерлік туризмді дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру жалғастырылды. Алдағы кезеңде агротуризмді дамыту, «Сапа белгісі» бағдарламасын кеңейту, жаңа білім беру курстарын іске қосу, гидтерге арналған цифрлық сервистерді дамыту және Қазақстанды халықаралық іскерлік іс-шаралар өткізу алаңы ретінде одан әрі ілгерілету жоспарланған;

Қазақстанды халықаралық нарықтарда ілгерілету шеңберінде медиажобалар іске асырылды, халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарымен, цифрлық платформалармен, блогерлермен және туроператорлармен ынтымақтастық жүзеге асырылды, халықаралық туристік көрмелер мен роуд-шоуларға қатысу қамтамасыз етілді. Жыл соңына дейін халықаралық іс-шараларды (оның ішінде TBEX International және DRV Destination Forum), шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары үшін ақпараттық турларды өткізу, Қазақстанды басым шетелдік нарықтарда ілгерілету және цифрлық маркетингтік науқандарды кеңейту жоспарланған.

Қоғам Басқармасы төрағасының есебін талқылау барысында Қоғамдық кеңес мүшелері сұрақтар қойып, пікір алмасты және Қоғамның қызметін жетілдіруге, туристік қызметтердің сапасын арттыруға, қоғамдық бақылау тетіктерін дамытуға, есептілік жүйесін жетілдіруге, «Сапа белгісі» бағдарламасын дамытуға, сондай-ақ Қоғамның Қоғамдық кеңеспен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар енгізді.

Атап айтқанда, келесі ұсыныстар келіп түсті:

Қоғамдық кеңес мүшесі Түгелбай Бекбергенов (Қоғамға):

1) туристік маршруттардағы қызмет көрсету сапасын бағалау кезінде қызмет көрсету сапасымен қатар, олардың қауіпсіздігін де міндетті түрде бағалауды қамтамасыз ету;

2) іс-шараларға қатысу және туризмді дамытудың оң және теріс аспектілері туралы объективті ақпарат беру мақсатында Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінің өкілдігін қамтамасыз ете отырып, Қоғамдық кеңестің құрамын кеңейту;

3) функциялардың қайталануын болдырмау мақсатында қызметті жоспарлау және есептілікті дайындау кезінде Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің, Туризм индустриясы комитетінің, «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның және Қоғамдық кеңестің міндеттерін нақты ажырату.

Қоғамдық кеңес мүшесі Боровая Наталья Алексеевна (Қоғамға):

1) Ұлттық оқиғалар күнтізбесін қалыптастыру кезінде өтінімдерді қарау кезеңдерінің біріне Қоғамдық кеңес мүшелерін тарту;

2) өткен жыл ішінде өткізілген оқиғалық іс-шаралардың мониторингі бойынша есепті Қоғамдық кеңеске ұсыну;

3) өңірлерді бағалау ерекшеліктерін түсіну мақсатында Қоғамдық кеңес мүшелеріне оқиғалық іс-шаралар мониторингінің критерийлерімен танысу мүмкіндігін беру.

Қоғамдық кеңес мүшесі Тикенов Еркін Амангельдинович (Қоғамдық кеңеске):

1) мониторингтік іс-шараларды өткізу кезінде Қоғамдық кеңестің аумақтық комитеттерінің мүмкіндіктері мен қоғамдық бақылау тетіктерін пайдалану;

2) ұсыныстарды Қоғамдық кеңес комиссияларының отырыстары шеңберінде нысаналы түрде қарау және тұжырымдау, қажет болған жағдайда Қоғам өкілдерінің қатысуымен комиссия төрағаларының құрамын қайта қарау;

3) комиссиялардың жұмысына қорытынды жасау және Қоғамдық кеңес төрағасының жоспарлардың орындалуы туралы есебін тыңдау.

Қоғамдық кеңес мүшесі Тикенов Еркін Амангельдинович (Қоғамға):

1) есеп берудің бірыңғай нысанын бекіту не есептілікті Қоғамның мемлекеттік жоспарлау құжаттары мен бюджеттің атқарылуы негізінде қалыптастыру.

Қоғамдық кеңес мүшесі Қатибаева Гүлнара Нұрғанатқызы (Қоғамға):

1) Қоғамның қолданыстағы «Сапа белгісі» бағдарламасын HoReCa кәсіпорындарын кәсіби бағалау бағытында кеңейту;

2) HoReCa кәсіпорындарын ерікті кәсіби бағалау жүйесі ретінде «Қазақстанның HoReCa сапа белгісі» Ұлттық бағдарламасын құру;

3) «Қазақстанның HoReCa сапа белгісі» бағдарламасын әзірлеу үшін Туризм және спорт министрлігінің, Туризм индустриясы комитетінің, Қоғамның және салалық қауымдастықтардың қатысуымен жұмыс тобын құру;

4) бағалаудың бірыңғай әдістемесін, критерийлерін, чек-парақтарын, балдық жүйесін, цифрлық тізілімін және сапалы HoReCa кәсіпорындарының ұлттық картасын әзірлеу;

5) бағдарламаның пилоттық жобасын Алматы және Астана қалаларында іске асырып, кейіннен оны басқа өңірлерге масштабтау.

Қосымша ретінде қолданыстағы сапа бағдарламасына толыққанды мониторинг жүргізу, оның бизнестің нарықтық көрсеткіштеріне және клиенттердің қанағаттану деңгейіне әсерін бағалау, сондай-ақ Алматы, Астана, Шымкент қалаларында және жекелеген курорттық аумақтарда пилоттық бастамаларды іске асыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылды (ұсыныстар қоса беріледі).

Қоғамдық кеңес мүшесі Қайырханқызы Аяжан (Қоғамға):

Гидтер мен экскурсоводтардың қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар:

- 1) «Гид» және «экскурсовод» ұғымдарын нақты ажырату;
- 2) гидтердің құқықтық мәртебесі мен қызметін заңдастыру мәселелерін реттеу;
- 3) гидтердің қызметін өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар үшін қолжетімді қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу мүмкіндігін қарастыру;
- 4) кәсіби гидтердің біліктілігі, мамандануы, жұмыс тәжірибесі және өзге де кәсіби мәліметтері көрсетілген бірыңғай тізілімін дамыту;
- 5) әсіресе өңірлерде және шалғай аудандарда гидтердің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту;
- 6) гидтердің аумақтық мамандануын көздеу;
- 7) шетелдік гидтердің қызметіне қатысты мәселелерді пысықтау;
- 8) гидтердің санаттары мен мамандану бағыттарын әзірлеу;
- 9) бағаларды мемлекеттік реттеусіз қызметтердің құны бойынша ұсынымдар әзірлеу мүмкіндігін қарастыру;
- 10) кәсіби білімді тұрақты түрде жаңартып отыруды қамтамасыз ету;
- 11) кәсіби гидтерді оқиғалық туризмге белсенді түрде тарту;
- 12) туристердің қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар мәселелері бойынша гидтердің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын күшейту;
- 13) гидтердің кәсіби құқықтарын қорғау тетіктерін көздеу;
- 14) гид пен турист арасында цифрлық үлгілік шартты пайдалану мүмкіндігін пысықтау.

Бұдан бөлек, ақпараттық, баспасөз және таныстыру турларына кәсіби гидтер мен тревел-блогерлердің қатысуын ажырату, оның ішінде олардың функцияларының ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби гидтер мен блогерлердің жеке-жеке қатысуын көздеу ұсынылды. Сондай-ақ Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есепті тыңдау қажеттігі айтылды.

Қоғам қызметінің практикалық тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар

Ұсынылған қосымша материалдарда қызметтің сандық көрсеткіштерінен **туристер, бизнес және өңірлер үшін практикалық нәтижелерге** баса назар аудару қажеттігі атап өтілді, оның ішінде мыналарды бағалау ұсынылды:

- 1) нақты іс-шаралар арқылы тартылған туристер саны;
- 2) қайта келу саны;
- 3) жаңа туристік өнімдердің саны;
- 4) өңірлерге тигізетін экономикалық әсері.

Сондай-ақ кәсіби қоғамдастықпен – гидтермен, экскурсоводтармен, нұсқаушылармен, сүйемелдеушілермен, қолөнершілермен және авторлық маршруттарды ұйымдастырушылармен өзара іс-қимылды күшейту; өңірлерді дамытуға баса назар аудару; креативті индустрияларды туристік өнімнің элементі ретінде қарастыру; кәсіпкерлерге практикалық сүйемелдеу көрсете отырып, агротуризмді дамыту; бірыңғай цифрлық туристік экожүйені қалыптастыру және ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту ұсынылды.

Отырыс материалдарына қосымша ретінде туристік саланы одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстар ұсынылды (ұсыныстар қоса беріледі).

Талқылау аяқталғаннан кейін Қоғамдық кеңес мүшелерінің қарауына және ашық дауыс беруге «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның 2026 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметі туралы есепті тыңдау» күн тәртібіндегі мәселе, сондай-ақ Қоғамдық кеңес мүшелері енгізген ұсынымдарды «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ға қарау және Қоғамның одан арғы жұмысында ескеру үшін жолдау туралы ұсыныс енгізілді.

Күн тәртібіндегі мәселе қаралғаннан кейін Қоғамдық кеңес мүшелеріне:

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның 2026 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметі туралы есепті тыңдау» мәселесі бойынша ашық дауыс беру өткізу ұсынылды.

Дауыс беру Қоғамдық кеңес мүшелерінің WhatsApp мессенджеріндегі жалпы чатында өткізілді.

Дауыс беруге Қоғамдық кеңестің 7 мүшесі қатысты.

Дауыс беру нәтижелері:

- «қолдаймын» – 6 дауыс;
- «қарсымын» – 0 дауыс;
- «қалыс қалдым» – 1 дауыс.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ашық дауыс беру нәтижелері негізінде отырысқа қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен Қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның 2026 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметі туралы есепті назарға алу.

2. Қоғамдық кеңес мүшелерінің есепті талқылау барысында енгізген ұсыныстары мен ұсынымдарын, сондай-ақ отырыс қорытындысы бойынша қосымша ұсынылған жазбаша ұсыныстарды «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ға оның құзыреті шегінде қарау және Қоғамның одан әрі қызметінде ескеру үшін жолдау.

3. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ға ұсынылған ұсыныстарды қарау және тиісті негіздер болған жағдайда оларды одан әрі пысықтау бағыттарын мүдделі мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен, салалық бірлестіктермен және өзге де мүдделі тараптармен бірлесіп айқындауды ұсыну.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселе қаралды. Отырыс хаттамасы оған қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

**Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы**

 **В. Салимова**

**Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы**

 **Ш. Бакаева**

ПРОТОКОЛ
заседания Общественного совета
АО «НК «Kazakh Tourism»

город Астана

№ 22

«31» июля 2026 года

Местонахождение акционерного общества «Национальная компания «Kazakh Tourism» (далее – Общество): Республика Казахстан, г. Астана, Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, д. 55/14.

Заседание Общественного совета Общества (далее – Общественный совет) проведено посредством Zoom по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/3553868636?pwd=fw0iWQAhA89xFtF4Ap1REsKzCm0asL.1>, а также голосование через чат в мессенджере WhatsApp.

На заседании проголосовали по вопросам повестки дня:

Общественный совет Общества в следующем составе:

- представители некоммерческих организаций и граждан:

1. Акильбеков Берик Ахмедиянович
2. Боровая Наталья Алексеевна
3. Берден Інжумаржан Мысырғалиқызы
4. Қайырханқызы Аяжан
5. Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
6. Оспанова Гульден Джетысовна
7. Тикенов Еркін Амангельдинович
8. Бекбергенов Тугелбай
9. Катибаева Гульнара Нурганатовна

- представители АО «НК «Kazakh Tourism»:

10. Газизов Талгат Жанатович
11. Жабает Данияр Серикович.

Секретарь Общественного совета: Бакаева Ш.М.

Кворум для проведения заседания имеется.

Повестка дня:

1. Заслушивание отчета о деятельности АО «НК «Kazakh Tourism» за первое полугодие 2026 года.

По вопросу повестки дня «Заслушивание отчета о деятельности АО «НК «Kazakh Tourism» за первое полугодие 2026 года» выступил Председатель Правления Общества Газизов Т.Ж., и отметил следующие ключевые моменты:

утверждена обновленная организационная структура Общества, направленная на повышение эффективности управления, концентрацию

ресурсов на ключевых направлениях и совершенствование распределения функций;

также представлены следующие итоги деятельности Общества за первое полугодие 2026 года и определены основные задачи до конца года: по аналитическому направлению проведен анализ туристского потенциала страны, международного опыта, актуализирован План действий по реализации Концепции развития туристской отрасли до 2029 года, обеспечено сопровождение программы Kids Go Free, продолжена работа по повышению позиций Казахстана в международных рейтингах, до конца года запланированы анализ туристского потенциала регионов, развитие туристской инфраструктуры, совершенствование мер государственной поддержки, мониторинг туристских территорий и подготовка предложений по развитию визово-миграционной политики, в инвестиционной сфере продолжено формирование инвестиционного портфеля, сопровождение проектов, развитие сотрудничества с отечественными и зарубежными партнерами, подписаны меморандумы и соглашения о реализации инвестиционных проектов, реализуются проекты по коммерциализации и цифровизации туристской отрасли, предусмотрено сопровождение инвестиционных проектов, расширение международного сотрудничества, продвижение инвестиционных инициатив, в сфере развития туристских продуктов продолжена реализация проектов по развитию сельского туризма, программы «Знак качества», Онлайн академии внутреннего туризма, цифровизации деятельности гидов, а также развитию событийного и делового туризма, планируется развитие агротуризма, расширение программы «Знак качества», запуск новых образовательных курсов, развитие цифровых сервисов для гидов и дальнейшее продвижение Казахстана как площадки для проведения международных деловых мероприятий. Также в рамках продвижения Казахстана на международных рынках реализованы медиапроекты, сотрудничество с международными СМИ, цифровыми платформами, блогерами и туроператорами, обеспечено участие в международных туристских выставках и роуд-шоу. До конца года запланировано проведение международных мероприятий (в том числе TBEX International и DRV Destination Forum), информационных туров для зарубежных СМИ, продвижение Казахстана на приоритетных зарубежных рынках и расширение цифровых маркетинговых кампаний.

В ходе обсуждения отчета Председателя Правления Общества, члены Общественного совета задали вопросы, обменялись мнениями и внесли предложения, направленные на совершенствование деятельности Общества, повышение качества туристских услуг, развитие механизмов общественного контроля, совершенствование системы отчетности, развитие программы «Знак качества», а также повышение эффективности

взаимодействия Общества с Общественным советом. А именно, поступили следующие предложения:

Член Общественного совета Бекбергенов Тугелбай (Обществу):

- 1) при оценке качества обслуживания на туристских маршрутах, наряду с качеством, обязательно оценивать безопасность их проведения;
- 2) расширить состав Общественного совета, обеспечив представительство всех регионов Республики Казахстан, для участия в мероприятиях и объективного информирования о положительных и отрицательных аспектах развития туризма;
- 3) при планировании деятельности и подготовке отчетности разграничить задачи Министерства туризма и спорта Республики Казахстан, Комитета индустрии туризма, АО «НК «Kazakh Tourism» и Общественного совета во избежание дублирования функций.

Член Общественного совета Боровая Наталья Алексеевна (Обществу):

- 1) подключить членов Общественного совета на одном из этапов рассмотрения заявок при формировании Национального событийного календаря;
- 2) представлять Общественному совету отчет о мониторинге проведенных событийных мероприятий за прошедший год;
- 3) предоставить членам Общественного совета возможность ознакомиться с критериями мониторинга событийных мероприятий для понимания особенностей оценки регионов.

Член Общественного совета Тикенов Еркин Амангельдинович (Общественному совету):

- 1) использовать возможности территориальных комитетов Общественного совета и механизмы общественного контроля при проведении мониторинговых мероприятий;
- 2) рассматривать и формулировать предложения предметно в рамках заседаний комиссий Общественного совета, при необходимости обновив состав председателей комиссий с участием представителей Общества;
- 3) подвести итоги работы комиссий и заслушать отчет председателя Общественного совета об исполнении планов.

Член Общественного совета Тикенов Еркин Амангельдинович (Обществу):

- 1) утвердить единую форму отчета либо формировать отчетность на основе документов государственного планирования и исполнения бюджета Общества.

Член Общественного совета Катибаева Гульнара Нурганатовна (Обществу):

1) расширить действующую программу Общества «Знак качества» на профессиональную оценку предприятий HoReCa;

2) создать Национальную программу «Знак качества HoReCa Казахстан» как систему добровольной профессиональной оценки предприятий HoReCa;

3) создать рабочую группу с участием Министерства туризма и спорта, Комитета индустрии туризма, Общества и отраслевых ассоциаций для разработки программы «Знак качества HoReCa Казахстан»;

4) разработать единую методику оценки, критерии, чек-листы, систему баллов, цифровой реестр и национальную карту качественных предприятий HoReCa;

5) реализовать пилотный проект программы в Алматы и Астане с последующим масштабированием на другие регионы.

Дополнительно предложено проводить полноценный мониторинг действующей программы качества, оценивать ее влияние на рыночные показатели бизнеса и удовлетворенность клиентов, а также рассмотреть возможность реализации пилотных инициатив в Алматы, Астане, Шымкенте и на отдельных курортных территориях (предложения прилагаются).

Член Общественного совета Қайырханқызы Аяжан (Обществу):

Предложения по совершенствованию деятельности гидов и экскурсоводов:

1) четко разграничить понятия «гид» и «экскурсовод»;

2) урегулировать вопросы правового статуса и легализации деятельности гидов;

3) рассмотреть возможность включения деятельности гидов в перечень видов деятельности, доступных для самозанятых;

4) развивать единый реестр профессиональных гидов с указанием квалификации, специализации, опыта работы и иных профессиональных сведений;

5) развивать систему повышения квалификации гидов, особенно в регионах и отдаленных районах;

6) предусмотреть территориальную специализацию гидов;

7) проработать вопросы деятельности иностранных гидов;

8) разработать категории и специализации гидов;

9) рассмотреть рекомендации по стоимости услуг без государственного регулирования цен;

10) обеспечить регулярное обновление профессиональных знаний;

11) активнее вовлекать профессиональных гидов в событийный туризм;

12) усилить взаимодействие гидов с государственными органами по вопросам безопасности туристов и чрезвычайных ситуаций;

13) предусмотреть механизмы защиты профессиональных прав гидов;

14) проработать возможность использования цифрового типового договора между гидом и туристом.

Отдельно предложено разграничивать участие профессиональных гидов и тревел-блогеров в информационных, пресс- и ознакомительных турах, в том числе предусмотреть отдельное участие профессиональных гидов и блогеров с учетом различия их функций. Также озвучено о необходимости заслушивания отчета о финансово-хозяйственной деятельности Общества.

Предложения по практической эффективности деятельности Общества

В представленных дополнительных материалах отмечена необходимость смещения акцента с количественных показателей деятельности на **практические результаты для туристов, бизнеса и регионов**, в том числе оценку:

1) количества туристов, привлеченных конкретными мероприятиями;

2) повторных посещений;

3) количества новых туристических продуктов;

4) экономического эффекта для регионов.

Также предложено усилить взаимодействие с профессиональным сообществом – гидами, экскурсоводами, инструкторами, сопровождающими, ремесленниками и организаторами авторских маршрутов; усилить развитие регионов, рассматривать креативные индустрии как элемент туристического продукта, развивать агротуризм с практическим сопровождением предпринимателей, формировать единую цифровую туристическую экосистему и усиливать межведомственное взаимодействие.

В дополнение к материалам заседания представлены предложения по дальнейшему развитию туристской отрасли (предложения прилагаются).

После завершения обсуждения, на рассмотрение и открытое голосование членам Общественного совета вынесен вопрос повестки дня «Заслушивание отчета о деятельности АО «НК «Kazakh Tourism» за первое полугодие 2026 года», а также предложение о направлении внесенных членами Общественного совета рекомендаций в адрес АО «НК «Kazakh Tourism» для рассмотрения и учета в дальнейшей работе Общества.

После рассмотрения вопроса повестки дня членам Общественного совета было предложено провести открытое голосование по вопросу:

«Заслушивание отчета о деятельности АО «НК «Kazakh Tourism» за первое полугодие 2026 года».

Голосование проведено в общем чате членов Общественного совета в мессенджере WhatsApp.

В голосовании приняли участие 7 членов Общественного совета.

Результаты голосования:

«за» - 6 голосов;

«против» - 0 голосов;

«воздержался» - 1 голос.

По результатам открытого голосования по вопросу повестки дня, Общественный совет, большинством присутствовавших на заседании, **РЕШИЛ:**

1. Принять к сведению отчет о деятельности АО «НК «Kazakh Tourism» за первое полугодие 2026 года.

2. Направить в АО «НК «Kazakh Tourism» предложения и рекомендации, внесенные членами Общественного совета в ходе обсуждения отчета, а также дополнительно представленные письменные предложения по итогам заседания, для рассмотрения и учета в дальнейшей деятельности Общества в пределах его компетенции.

3. Рекомендовать АО «НК «Kazakh Tourism» рассмотреть представленные предложения и при наличии соответствующих оснований определить направления их дальнейшей проработки совместно с заинтересованными государственными органами, местными исполнительными органами, отраслевыми объединениями и иными заинтересованными сторонами.

Вопрос, вынесенный на повестку дня заседания Общественного совета, рассмотрен. Протокол заседания будет опубликован на официальном интернет-ресурсе Общества в течение 3 (трех) рабочих дней после его подписания.

**Председатель
Общественного совета**

 **В. Салимова**

**Секретарь
Общественного совета**

 **Ш. Бакаева**